

**6D010300- Педагогика және психология мамандығы бойынша  
 философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған  
 Масимова Хуршидам Ташболатовнаның  
 «Педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу  
 жетістіктерін бағалау іс-әрекетін дамыту»  
 тақырыбындағы диссертациясына  
 ресми рецензенттің жазбаша пікірі**

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және / немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және / немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы); 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми – техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	1.1 Диссертация тақырыбы Қазақстан Республикасының заңнамалық құжаттары мен мемлекеттік бағдарламаларына <b>сәйкес келеді.</b> Зерттеу жұмысында Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Педагог мәртебесі» заңдарында көрсетілген білім сапасын дамыту, педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру мәселесі назарға алынса, «Ұлт жоспары «100 нақты қадам» мемлекеттік бағдарламасындағы міндеттерге сәйкес бәсекеге қабілетті кадр дайындау, Қазақстан республикасының «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасы аясында педагогтердің біліктіліктілігін арттыру, «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – Ел өркендеуінің берік негізі» атты Жолдауда көрсетілген міндеттердің шешімін табу қарастырылған. Диссертациялық жұмыстың жоғарыда көрсетілген заңдар мен мемлекеттік бағдарламалар мазмұнында айқындалған міндеттерді шешуге негізделуі докторанттың тақырыбының өзектілігін айқындайды. Осы тұрғыдан, Х.Т.Масимованың диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасының бағдарламалары «Білім және

			бағытына <u>сәйкес</u> келеді.
2	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады / қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған / ашылмаған.	<p>Диссертанттың қол жеткізген ғылыми практикалық нәтижелері педагогика ғылымының дамуына: соның ішінде педагогтердің кәсіби біліктілігін арттыруға және олардың оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс-әрекетін дамыту мәселесінің Психологиялық-педагогикалық тұрғыдан қарастырылуына үлес қосады.</p> <p>Өйткені:</p> <p><i>Біріншіден</i>, диссертант:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- «педагогтердің оқушылардың оқу жетістіктерін дамыту» ұғымын білім алушылардың сапалы білім алуын камтамасыз ететін жүйелі, үздіксіз үдеріс тұрғысынан түсіндіріп, негіздеген;</li> <li>- педагогтердің бағалау іс-әрекетінің негізгі бағыттарын айқындап, топтастырған.</li> </ul> <p><i>Екіншіден</i>, педагогтердің оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс-әрекетінің мәні, мазмұны, құрылымын анықтап, педагогтердің біліктілігін арттыруды әдістемелік камтамасыз етудің психологиялық-педагогикалық негіздерін айқындаған.</p> <p><i>Үшіншіден</i>, педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс-әрекетін дамытудың психологиялық-педагогикалық шарттарын анықтап, ғылыми негіздеген.</p> <p><i>Төртіншіден</i>, педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс-әрекетін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделін</p>

			оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс-әрекетін дамытудың инновациялық әдістері мен жұмыс формалары қамтылған әдістемесін жасап ұсынған және практикаға ендірген.
3	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) Жоғары; 2) Орташа; 3) Төмен; 4) Өзі жазбаған.	<p>Диссертант Х.Т Масимованың зерттеуі өз бетімен дербес түсінікті, ғылыми тілмен жазылған жұмыс. Зерттеу жұмысы жоғары деңгейде жазылған деп айтуға негіз бар.</p> <p>Себебі, диссертант теориялық тұжырымдарын «бағалау іс-әрекеті», «педагогтердің бағалау іс-әрекеті», «педагогтердің оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс-әрекеті» ұғымдарын негіздеуде шетелдік және отандық ғалымдардың ғылыми жұмыстарына терең талдау жасаған. Біліктілікті арттыру курстарының оқу бағдарламаларына салыстырмалы талдау жасап, оларға өзінің көзқарасын білідіріп, ойымен қорытындылаған.</p> <p>Тәжірибелік-эксперименттік жұмысын дәлелді фактілермен баяндаған.</p> <p>Өз тәжірибесі негізінде мәселені шешудің жана жолдарын ұсынған.</p>
4	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) Негізделген; 2) Жартылай негізделген; 3) Негізделмеген.	<p>Диссертациялық жұмыс өзектілігі негізделген. Зерттеу барысында диссертант мемлекеттік бағдарламаларға, білім беру саласындағы нормативтік-құқықтық актілерге, психологиялық-педагогикалық әдебиеттерге және практикаға жасаған терең талдауы нәтижесінде педагогтердің бағалау іс-әрекетін дамыту мәселесіндегі</p>

			<p>қайшылықтарды анықтаған:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- қоғам, білім беру ұйымдарының және білім алушылардың бағалау іс-әрекетін жүзеге асыру біліктері дамыған педагогтерге болған объективті қажеттілігі мен педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс-әрекетін дамыту мәселесінің ғылыми негізделмеуі;</li> <li>- педагогтердің оқыту үдерісінде критериалды бағалауды қолданудың тиімді жолдарын игеруге болған ұмтылысының артуы мен педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс-әрекетін дамытудың ұйымдастырушылық-әдістемелік негіздерінің жүйеленбеуі;</li> <li>- педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс-әрекетін дамытудың қажеттілігі мен осындай мүмкіндіктің жүзеге асуын қамтамасыз ететін тиімді шарттардың ғылыми негізделмеуі.</li> </ul> <p>Бұл қарама-қайшылықтар диссертациялық зерттеу мәселесінің өзектілігін негіздейді.</p>
		<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) айқындайды;</li> <li>2) жартылай айқындайды;</li> <li>3) айқындамайды.</li> </ol>	<p>Диссертацияның мазмұны диссертация тақырыбын толық көлемде, атап айтқанда, педагогтердің бағалау іс-әрекетінің мәнін, мазмұнын, құрылымын айқындау арқылы «педагогтердің оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс-әрекеті» ұғымын нақтылау; педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс-әрекетінің</p>

			<p>шарттарын анықтау; педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс-әрекетінің құрылымдық-мазмұндық моделін жасаумен; педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс-әрекетін дамыту әдістемесінің жасалуы және оның тиімділігін тәжірибелік-эксперимент жүзінде дәлелдеп, ұсыныстар берілуімен айқындайды.</p>
		<p>4.3 Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.</p>	<p>Диссертант зерттеу проблемасын шешуде «педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс-әрекетін дамыту жүйесін ғылыми-әдіснамалық негіздеу, әдістемесін дайындау және тиімділігін тәжірибелік-экспериментте дәлелдеу» мақсатын қояды. Оның әр бір зерттеу міндеті осы мақсаттан туындайды: 1. «Бағалау іс-әрекеті», «педагогтердің оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс-әрекеті» ұғымдарының мәнін нақтылау; 2. Педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс-әрекетін дамытудың әдіснамасын жасау, теориялық және практикалық алғышарттарын негіздеу; 3. Педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс-әрекетін дамытудың психологиялық-педагогикалық шарттарын анықтау; 4. Педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін</p>

			құрылымдық-мазмұндық моделін құрастыру, әдістемесін дайындап, тиімділігін тәжірибелік – экспериментте тексеру.
		4.4 Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан; <u>1) толық байланысқан;</u> 2) жартылай байланысқан; 3) байланысы жоқ.	Диссертация 3 бөлімнен және 9 тараудан тұрады. Бірінші бөлім педагогтердің бағалау іс-әрекетін дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындаса, екінші бөлім, педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс-әрекетін дамытудың ұйымдастырушылық-әдістемелік негіздерін, үшінші бөлім, тәжірибелік-эксперимент жұмысының мазмұны мен динамикалық нәтижелерін баяндауға арналған. Бөлімдерде берілген тараулар бір-бірімен өзара <b>логикалық байланыста</b> құрылған.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: <u>1) сыни талдау бар;</u> 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген.	Диссертант зерттеу мәселесі бойынша ғылыми еңбектерді сыни талдай алған. Біліктілікті арттырудың оқу бағдарламаларының мазмұнына негізді талдау жасаған, зерттеу проблемасының негізгі түйіндерін сұлбаға, модельге түсіріп, әдістемесін жасап, педагогтердің біліктілігін арттыруды ұйымдастыру жолдарын талдау арқылы авторлық тұрғыдан негіздеген.
5	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табылама? <u>1) толығымен жаңа;</u> 2) жартылай жаңа (25 – 75 % жаңа болып табылады)	Диссертант Масимова Хуршидам Ташболатовнаның зерттеу барысында алған ғылыми нәтижелері мен қағидаттары толығымен жаңа болып табылады. Диссертанттың қол жеткізген <i>бірінші нәтижесі жаңа</i> , себебі, «педагогтердің оқушылардың оқу

	<p>кем жаңа болып табылады)</p>	<p>бұл оқушылардың сапалы білім алуын қамтамасыз ететін, жетістікке жету қабілетін және танымдық белсенділігін қалыптастыратын мақсатты, жүйелі, үздіксіз үдеріс», деп анықтап негіздеуі, педагогтердің бағалау іс-әрекетінің құрылымының анықталуы диссертациялық зерттеуінің теориялық деңгейінің жоғарылығын айғақтайды.</p> <p>Зерттеу нәтижесінде қол жеткізген <i>екінші нәтижесінің жаңа</i> екендігін педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс-әрекетін тиімді дамытуға негіз болатын психологиялық-педагогикалық шарттардың айқындалуын негіздейді;</p> <p><i>үшінші нәтиженің толық жаңалығын</i> педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс-әрекетін дамытуды ұйымдастырудың мазмұны және бағыттарының негізделуінен, мазмұндық, іс-әрекеттік, нәтижелік блоктардан құралған құрылымдық-мазмұндық моделден пайымдауға болады;</p> <p><i>төртінші нәтиженің толық жаңалығы</i> педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс-әрекетін дамытуды ұйымдастыру аясында педагогтерге арналған біліктілікті арттыру курсының оқу бағдарламасының құрастырылуымен және оқуәдістемелік кешенінің жасалуымен, апробациядан өтуімен айқындалады.</p>
--	---------------------------------	---

		<p>технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) толығымен жаңа;  2) жартылай жаңа (25 – 75 % жаңа болып табылады)  3) жаңа емес (25 % кем жаңа болып табылады)</p>	<p>педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау ісәрекетін дамыту үдерісінің тиімділігін арттыруға бағытталған жаңа білім беру технологияларына негізделген педагогтердің біліктілігін арттыру бағдарламасын жасап, тәжірибеден өткен бағдарламаның мүмкіндіктеріне қатысты ұсыныстары өте орынды деп санаймын.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың шешімдері заманауи технологияларға негізделген. Өзіндік авторлық шешімдері нақты, жүйелі берілгендіктен, мәселені шешу жолдары толығымен жаңа болып табылады.</p> <p>Диссертанттың зерттеу жұмысы барысындағы тұжырымдары оқу үдерісіне ендіру актісі және тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелерімен, жарық көрген ғылыми жарияланымдарымен расталады.</p>
6	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>6.1 Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген</u> / негізделмеген (qualitative reserch және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</p>	<p>6.1 Диссертациялық жұмыстағы тұжырымдалған нәтижелердің негізі бар және шынайы деп қарауға болады. Себебі, зерттеудің әдіснамалық негіздері мемлекеттік бағдарламаларға, заңнамаларға және ғылыми теорияларға негізделуімен және қарастырып отырған ғылыми мәселенің зерттелу деңгейін нақтылаумен, сонымен қатар әр түрлі ғылымдар саласындағы ой тұжырымдарды саралаумен негізделген.</p> <p>Зерттеу жұмысында алынған нәтижелер мен қорытындылар біліктілікті арттыру жағдайында педагогтердің оқушылардың оқу</p>

			<p>дамытуда теориялық және практикалық жағынан құнды материал болып табылады.</p> <p>Зерттеу нәтижелерінің қорытындылары ғылыми-тәжірибелік деңгейде негізделген және математикалық статистикалық талдаулар арқылы нақтылығы расталған, негізгі нәтижелері 12 ғылыми еңбекте жарияланған.</p>
7	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>7.1 Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) <u>дәлелденді</u></p> <p>2) шамамен дәлелденді</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді</p> <p>4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) Ия</p> <p>2) <u>жок</u></p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) <u>Ия</u></p> <p>2) жок</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар</p> <p>2) орташа</p> <p>3) кен</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) <u>Ия</u></p> <p>2) жок</p>	<p>7.1 Х.Т.Масимованың диссертациялық жұмысы бойынша ұсынылған қағидаттар теориялық әдістемелік және практикалық зерттеу барысында дәлелденген.</p> <p>7.2 <u>Тривиалды емес</u> себебі, зерттеу жұмысы барысында педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс-әрекетін дамытудың моделі жасалған және тәжірибеде дәлелденген.</p> <p>7.3 Диссертациялық жұмыстың әр бір <b>қағидасы жаңа</b> болып табылады. Өйткені бірінші қағида диссертант тарапынан берілген авторлық анықтамаға негізделген.</p> <p>Екінші қағидада <b>жаңа</b> педагогтердің бағалау іс-әрекетінің құрылымы, педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс-әрекетін дамытудың психологиялық-педагогикалық шарттары ғылыми негізделген. Қағида <b>тривиалды емес, кең деңгейде</b> қолдануға болады.</p> <p><u>Үшінші қағида</u> педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс-әрекетін дамытудың</p>

			<p>нәтижелік блоктардан, мотивациялық-максаттық, мазмұндық, технологиялық, рефлексивтік компоненттерден тұратын құрылымдық – мазмұндық моделінің жасалуы арқыла дәлелденеді. Қағидат <b>тривиалды емес, жаңа</b> болып табылады.</p> <p>7.4 Диссертациялық жұмыста зерттеу пәні бойынша жаңа білім ұсынылады, педагогтердің біліктілігін арттыруда және қайта даярлауда қолданылу ауқымы <b>кең</b>.</p> <p>7.5 Диссертациялық жұмыстың мазмұны диссертант тарапынан жазылған ғылыми мақалаларда жарияланған. Диссертацияның негізгі қағидалары 12 мақалада жарық көрген, халықаралық ғылыми конференцияларда дәлелденген.</p> <p>Қағидаттардың <b>кең деңгейде</b> қолданылу мүмкіндігі бар. <b>Тривиалды емес.</b></p>
8	Дәйектілік принципі дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: 1) ия; 2) жоқ.</p> <p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып</p>	<p>Зерттеу барысында басшылыққа алынған әдіснамалық тұғырлар мен ұстанымдар ғылыми тұрғыда негізделген. Әдістер нақты жазылған және тиімділігі дәлелденген.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың нәтижелерін алуда теориялық, эмпирикалық, алынған нәтижелерді өңдеудің математикалық-статистикалық әдістері қолданылған.</p> <p>Компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау жасалған.</p>

		<p>1) ия; 2) жоқ.</p>	
		<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өз ара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ.</p>	<p>Теориялық қорытындылар Алматы облысы бойынша педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтында жүргізілген, эксперименттік зерттеулерде <b>дәлелденген және расталған.</b></p> <p>Педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс-әрекетін дамытуды нәтижелі ететін біліктілікті арттырудың білім беру бағдарламасын жүзеге асыруда инновациялық әдіс-тәсілдер қолданылып, нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде <b>дәлелденген.</b></p>
		<p>8.4 Маңызды дәлелдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған / ішінара расталған /</u> расталмаған.</p>	<p>Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелер жасау арқылы <b>расталған.</b></p>
		<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті /</u> жеткіліксіз.</p>	<p>Пайдаланылған 278 әдебиеттер тізімі <b>әдеби шолуға жеткілікті.</b></p>
9	Практикалық құндылық принципі	<p>Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жоқ.</p>	<p>Диссертацияның теориялық маңызы бар. Себебі, педагогтерді даярлау теориясы осы еңбекте қолданылатын «педагогтердің оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс-әрекеті» ұғымының мәнінің нақтылануымен, зерттеушінің берген өзіндік анықтамасымен толықтырылған;</p> <p>- педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін</p>

			компоненттері, өлшемдері мен көрсеткіштері қамтылған, әдістері мен технологиялары, деңгейлері айкындалған құрылымдық-мазмұндық моделі жасалған.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: <u>1) ия;</u> 2) жоқ.	<p>Диссертацияның практикалық маңызы бар. Өйткені, педагогтердің оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс-әрекетін дамытуға негізделген «Жаңартылған білім беру жағдайында педагогтің бағалау іс-әрекетінің психологиялық-педагогикалық негіздері» атты білім беру бағдарламасы жасалып, оқу-тақырыптық жоспары құрастырылған тиімділігі іс-тәжірибеде тексерілген.</p> <p>«Критериалды бағалау жағдайында педагогтің бағалау іс-әрекетінің ерекшеліктері» атты оқу-әдістемелік құрал жазылған. Педагогтердің бағалау іс-әрекетін дамытуға негізделген семинар, тренингтер бағдарламалары жасалған.</p> <p>Алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары.</p>
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады ма? <u>1) толығымен жаңа;</u> 2) жартылай жаңа (25 – 75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады);	Зерттеу жұмысы аясындағы практикалық ұсыныстар <b>толығымен жаңа</b> және оларды педагогтердің біліктілігін арттыру және қайта даярлауда, жоғары оқу орындары тәжірибесінде пайдалануға болады.
10	Жазу және рәсімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: <u>1) жоғары;</u> 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен	<p>Диссертант Масимова Х.Т зерттеу жұмысын академиялық жазу ерекшеліктеріне сай, ғылыми стильді басшылыққа алып жазған.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың құрылымын рәсімдеу белгіленген</p>

			<b>Жазу сапасы жоғары.</b>
--	--	--	----------------------------

**Шешім:** Хуршидам Ташболатовна Масимованың 8D011- Педагогика және психология (6D010300 – Педагогика және психология) бағыты бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынған «Педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс-әрекетін дамыту» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы аяқталған және ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің талаптары мен «Дәрежелер беру қағидаларында» көрсетілген талаптарға сәйкес келетіндіктен философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп санаймын.

**Ресми рецензент:**

**«13.00.08» - Кәсіптік білім беру теориясы мен әдістемесі» мамандығы бойынша педагогика ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Педагогика және білім беру менеджменті» кафедрасының доценті:**



**Г.А. Муратбаева**

ҚОЛТАҢБАСЫН  
РАСТАЙМЫН  
ПОДПИСЬ ЗАКРЕПИЮ